

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАСҚАРУ НЕГІЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯҒА БЕЙІМДЕЛУ

Төлеуғазы Ақнұр Тәнібергенқызы


aknur_toleugazy03@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, Менеджмент білім беру
бағдарламасының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Набиева М.Т. PhD., доцент м.а.

Қазіргі әлемде, тіпті салыстырмалы түрде дамыған елдерде де кедейлік құбылыстары кең таралған. Дамушы елдердегі кедейліктің қауіпті динамикасы тек экономикалық емес, әлеуметтік және саяси сипаттағы проблемаларды тудырады. Ұлттық экономикадағы кедейлік категориясын зерттеу және табыстың экономикалық тиімділігін қалыптастыратын факторларды анықтау қажеттілігін көрсетеді. Халықтың табысының тиімділігін нақтылаудың бір бағыты, нарықты сегменттеу процесі негізінде ең бастысы сегменттеу критериларын немесе принциптерін анықтау болады.


Табыс деңгейі бойынша топтау, көп жағдайда табыстың 3 деңгейін көрсетуге болады. Яғни төмен, орта және жоғары деңгейі. Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуіне байланысты адамдардың әлеуметтік жағдайларында тауарлар мен қызметтерді таңдау жағынан психологиялық және жеке тұлғалық өзгерістер пайда болды. Қоғам табыс деңгейіне қарай жіктеле бастады, қазақстандықтардың өмір сүру жағдайы мен стилі өзгерді. Бұл өмір салтының өзгеруі және топтар бойынша халықтың табысындағы айырмашылық келесі суретте көрсетілген.



1-сурет. Топтар бойынша халықтың табысындағы айырмашылық

2022 жылдың екінші тоқсанында Қазақстандағы ең бай және кедей халықтың орташа айлық табысы 5,7 есе ерекшеленді. Аз қамтылғандар тобында орташа табыс бір адамға айына 32,8 мың теңгені, ал неғұрлым қамтылғандар тобында – айына 190 мың теңгені құрады. Осы әртүрлі санаттардағы тұтыну шығындары да айтарлықтай ерекшеленеді. Ең қамтамасыз етілген санатта бір адамның ай сайынғы табысының орташа деңгейі 190 мың теңгеден асады. Бұл көрсеткіш орташа, байлық дәлізі өте өзгермелі. Ең төмен табыспен қамтамасыз етілгендер арасында 130,8 мың теңге, ең жоғары табыспен – айына 1,267 млн теңге сомасы көрсетіледі. Аймақтар бойынша деректерді талдау кезінде байлар санатындағы ең үлкен табыс шоғырланған аймақтарды бөлуге болады. Бұл Алматы, Астана және Қарағанды облысы [1]. Келесі суретте топтар бойынша халықтың табысындағы айырмашылығы қарастырылады.


Ең аз қамтылған халықтың 10%-ң тұтыну шығындары, мың теңге (2-сурет).



2-сурет. Ең кедей адамдар қанша ақша құртады, 2022 жыл II квартал

Байлар мен кедейлердің тұтыну шығындары олардың құрылымында айтарлықтай ерекшеленеді. Осылайша, ең аз табысы бар топ азық – түлікке өз бюджетінің -59% , киім мен аяқ киімге-8,7% , ақылы қызметтерге-16,8% - жұмсайды. Ең бай қазақстандықтар азық – түлікке айтарлықтай аз үлесті жұмсайды-барлығы 44,5. Сондай-ақ олардың киім мен аяқ киімге жұмсалатын шығындардың үлес салмағы төмен (6,9%), дегенмен бұл аз қамтылғандарға қарағанда сомасы төрт есе көп.


Ең бай халықтың 10%-ң тұтыну шығындары, мың теңге (3-сурет).



3-сурет. Ең бай адамдар қанша ақша құртады, 2022 жыл II квартал

Байлардың ақылы қызметтерге шығындары жоғары (шамамен 20%), бұл бірінші топтағыдан алты есе көп. Бұл екі топта үйден тыс тамақтану чектері (30 есе), алкоголь (18 есе) және темекі (бес есе) өте ерекшеленеді. Осы екі санаттағы несиелендіру деңгейі де салыстыруға келмейді. Сонымен, кедейлердің несиелерін өтеу шығындарының үлесі 1,9% құрайды, қарыздар үшін байлар әлдеқайда көп – 9% береді. Яғни, халықтың табысының жеткілікті бөлігі несиеге кететіні байқалады. Кедей халықтың демалу, өзін өзі дамытуға қаржыны жоспарлау мүмкіндігі шектеледі [1].


Жалпы, өткен жылы ең аз қамтылған азаматтардың 10% - ы жалпы тұтыну шығындары 15,9% - ға өсті. Қымбат азық-түліктен басқа (+ 12,7%) бұл көрсеткішке киім мен аяқ киімге (+ 27,5%) және ақылы қызметтерге (+18,5%) шығындардың өсуі де әсер етті. Осылайша, халықты әл-ауқат деңгейі бойынша бірнеше топқа бөлеміз. Бұл бөлініс келесі суретте берілген.



Есептеу 6,3 млн отбасы, 19,5 млн адам болған уақытта жүргізілді

4-сурет. «Отбасының цифрлық картасы» жобасына сәйкес халықты әл-ауқат деңгейлері бойынша бөлу. 2022жыл (миллион адам)[2].


Суретте көрсетілгендей «Отбасының цифрлық картасы» жобасына сәйкес халықты әл-ауқат деңгейлері бойынша халық қауіпсіз, қанағаттанарлық, қолайсыз, дағдарыс және шұғыл секілді 5 топқа бөлінеді. Бұл топтастыру арқылы, халыққа мемлекеттік қолдау, еңбекпен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру қолданылады. Берілген топтардың республика аймақтары бойынша бөлінісі келесі суретте берілген



5-сурет. 2023 жылғы 1 тоқсандағы халық табысының сатып алу қабілеті (% , ҚР аспирантурасының БНС деректері бойынша)

Деректер бойынша, екі жыл бұрын қазақстандықтар азық-түлік себетіне айына орта есеппен 59 000 теңге жұмсаған. 2023 жылы қазақстандықтар азық-түлікке айына орта есеппен 82 000 теңге жұмсайды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 40% - ға қымбат. Рейтингке қарсы екінші орында Атырау облысы – Қазақстандағы ең жоғары жалақысы бар өңір. Мұнда тұрғындар орташа есеппен 618,4 мың теңге алса, олар тек 1,6 ең төменгі күнкөріс деңгейінен жұмсайды. Табыстың сатып алу қабілетінің деңгейі орташа деңгейден төмен (ең төменгі күнкөріс деңгейі 1,94) елдің тағы жеті аймағында байқалады. Олардың арасында Шымкент қаласы да бар. Бұл көрсеткіш ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,58 құрайды.

Қазақстанда жалақы инфляция мен азық-түлік бағасына қарағанда баяу өсуде. Зерттеу көрсеткендей, 2023 жылдың мамырында азық – түлік бағасының индексі 16,5, тұтыну бағасы 15,9, ал номиналды жалақы индексі 12,9 болды. Қазақстанда инфляция жалақының өсуінен озып тұр. Жалақы инфляция мен азық-түлік бағаларына қарағанда баяу өсуде.




6-сурет. Инфляцияның өсу деңгейі

Зерттеу көрсеткендей, 2023 жылдың мамырында азық – түлік бағасының индексі 16,5, тұтыну бағасы 15,9, ал номиналды жалақы индексі 12,9 болды.

Қаржылық қауіпсіздіктің болмауы сатып алушылардың тұтынушылық қабілетін шектейді. Мазасыздық деңгейі адамдарды әдеттерін үнемдеуге және өзгертуге мәжбүр етеді. Егер жаһандық деңгейде тұтынушылардың 55% - ы өз шығындарын қысқартса, Қазақстанда 70% - ға жуығы өз шығындарына сақ болып, тіпті тұрақты табысы болса да үнемдеуге мәжбүр болды. Бұл халықтың тұтынушылық қабілетімен байланысты. Кедей тұтынушылардың тұтынушы мінез құлқын зерттеу үшін *Энгель заңын* қарастырсақ болады.

19 ғасырдың ортасында Эрнст Энгель: «Отбасы неғұрлым кедей болса, оның жалпы шығындарының үлесі соғұрлым көп болады», – деп жазды.



7-сурет. Энгель заңы

Энгель заңында ұқсас, кірісі төмен үй шаруашылықтары қолда бар кірістерінің көп бөлігін азық-түлікке орта немесе жоғары кірістерге қарағанда көп жұмсайды. Үйдегі тамақ өнімдеріне де (мысалы, азық-түлікке) және үйден тыс жерде (мысалы, мейрамханада) тамақтануға шығындар өскен сайын, табысы төмен отбасылар жұмсаған пайыз өседі деп күтілуде. Энгель заңы негізінде тұтыну көрсеткіштері табыспен шығыс арасындағы тепе теңдікке негізделуі қажет. Бұл заңдылықты зерттей отыра кедейлікпен күрес шараларын нақтылауға болады. Кедейлікпен күрес-әрдайым адамзат өркениетімен қатар өрбіген кесел. Оның барлық елдегі сипаты бірдей. Қытай әлемдегі кедейлікпен күресудің ең ауқымды бағдарламасын жүзеге асыруда. Қытай билігінің әлеуметтік саясаты жақын болашақта үйлесімді даму және орташа ауқаттылық қоғамына көшуге бағытталған. Кедейлікпен күресудің еуропалық моделінің негізінде міндетті сақтандырудың дамыған жүйесі жатыр. Осыған сәйкес, адам неғұрлым ұзақ жұмыс істесе, оның әлеуметтік қорғау деңгейі соғұрлым жоғары болады (жеңілдіктер көп, жәрдемақы мөлшері жоғары).

Ал Қазақстанда бұл күрес бірнеше жолмен жүргізілуі қажет. Біріншісі, әрине, халықтың ең аз қамтылған, осал топтарын қорғау. Ол негізінен, түрлі жәрдемақы төлеу,

әлеуметтік қолдау бағдарламаларын қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Екінші бағыты – жұмыскерлер арасындағы кедейшілікпен күрес. Мұнда еңбек өнімділігін жалақы көтеру маңызды. Әзірге Қазақстанда өнімділігі төмен жұмыспен қамтудың үлесі тым үлкен. Бүгінде жұмыс істейтін қазақстандықтардың елеулі бөлігі – 5,6 млн адам немесе жұмыспен қамтылған халықтың 64,1 пайызы өнімділігі төмен еңбекпен айналысады. Тиісінше, табыстары төмен. Соның ішінде 3 миллион жалдамалы жұмыскер жоғары біліктілікті қажет етпейтін қызметтерге тартылған.

Қорытындылай келе, кедейлік адамдардың өміріне және олардың тұтынушылық мінез-құлқына айтарлықтай әсер ететінін атап өтуге болады. Үкіметтің кедейлікпен күресудегі күш-жігеріне қарамастан, ол кешенді тәсіл мен әлеуметтік қолдау шараларын талап ететін өзекті мәселе болып қала береді. Зерттеу кедей азаматтардың тұтынушылық мінез-құлқына әсер ететін әртүрлі факторларды анықтады, мысалы, шектеулі қаржылық мүмкіндіктер, кейбір тауарлар мен қызметтердің болмауы және әлеуметтік-мәдени аспектілер. Қазақстандағы халықтың кедей топтарының өмір сүру деңгейін жақсарту және әлеуметтік қорғау үшін көмек көрсетудің тиімді бағдарламаларын одан әрі зерттеу және әзірлеу қажеттігі атап өтіледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://kz.kursiv.media/2022-09-29/kak-otlichajutsya-dohody-rashody-bogatyh-i-bednyh-v-kazahstane/>
2. <https://dknews.kz/kz/kazak-tilindegi-makalalar/288463-kazakstandagy-kedeyler-sany-resmi-statistikadan>

ОӘК 331.103

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР: ҚАШЫҚТЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘСЕРІ

Турекулова Диана Ерлановна

turkulova04@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, Менеджмент білім беру
бағдарламасының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-М.Т. Набиева

Жаһандану мен цифрландыру-жұмыс ортасының ережелерін қайта жазатын қарқынды өзгерістер дәуірінде персоналды басқару мәселелері тұрғысында компанияның табысты стратегиясының ажырамас бөлігіне айналады. Әсіресе соңғы кездері әлем қызықты өзгерістерді бастан өткеріп жатқан кезде, жаңа ұрпақтар мен олардың құндылықтары еңбек нарығын өз сұраныстарына өзгертуде. Осы негізгі тенденциялардың бірі еңбек саясатын қайта қарауды талап ете отырып, дәстүрлі жұмыс процесстерін қашықтықтан қайта қарау болды. Өйткені, жұмыс күшінің жас буындарының (Z және A) айрықша сипаттамалары олардың жұмысына қатысты ерекше үміттер туғызады, бұл негізінен X буынының басшылары (қазіргі уақытта әлемдегі көшбасшылық позициялардың 51% алады) үшін жаңа сынақ.

Қашықтан жұмыспен қамту-қызметкер мен жұмыс беруші аумақтық бөлінген, бірыңғай кеңсе кеңістігінен тыс орналасқан және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын жұмыспен қамту нысаны. Қазіргі әлемде қашықтан жұмыс істеу компанияның қызметкері ретінде де (ұйымның штатында болған кезде), сондай-ақ оның штаттық қызметкері болмай, нақты тапсырмаларды орындай отырып немесе белгілі бір жобаларды жүзеге асыра алады. Бірінші жағдайда, мұндай жұмыспен қамту қашықтықтан, екіншісінде – интернеттегі өзін-өзі жұмыспен қамту немесе интернет-фриланс деп аталады[1].

Қашықтағы персоналды басқару-бұл қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап қана емес, сонымен қатар компаниялардың икемділік, тиімділік және тұрақтылықты іздеуде жаңа мүмкіндіктер ашатын стратегиялық шешім. Неліктен менеджменттің бұл аспектісі заманауи